

"Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 479/6 қаулысы. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 307/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 01.04.2025 № 307/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Кантарбаев

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2022 жылғы "14" маусымдағы
№ 479/6 қаулысымен бекітілді

"Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) азаматтық хал актілерін

тіркеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің ведомстволары жоқ.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сонымен бірге осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Мемлекеттік мекеме, егер Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 141200, Екібастұз қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 149.

10. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма күндері сағат 9.00-ден сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

11. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып Екібастұз қаласының әкімдігі табылады.

12. Осы Ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. "Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің мақсаттарымен өкілеттіктері

15. Мақсаттары:

1) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

2) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету;

3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша қызмет көрсету саласында әлеуметтік-экономикалық міндеттер мен қалалық бағдарламалардың кешенін әзірлеу және іске асыру;

4) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің дамуына жағдай жасау;

5) облыстық және жергілікті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара әрекет жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді іске асыру.

16. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттерді орындау үшін барлық меншік нысанындағы шаруашылық субъектілерінен (келісім бойынша), жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан ақпаратты сұрату және алу;

мемлекеттік мекеменің мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың жиындарына қатысу;

облыстық деңгейде шешілетін міндеттерді іске асыруға байланысты облыстық мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтау;

мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жауапкершіліктерді жүзеге асыру.

17. Функциялары:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді:

азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді іске асырады және тіркеу туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіппен жеке тұлғалардың Мемлекеттік дерекқорына енгізеді;

азаматтық хал актілері жазбаларының мұрағаттық қорын жүргізеді және оны бақылап отырады;

азаматтық хал актілерінің барлық түрлері бойынша елтаңбалық бланкілердің сақталуы мен дұрыс толтырылуын қамтамасыз етеді;

"АХАЖ" тіркеу пунктіне мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді;

2) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде қарастырады;

3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша конференциялар, жиындар, семинарлар, конкурстар өткізеді;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алуды жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды іске асырады.

3-тарау. "Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

18. Мемлекеттік мекемені басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

19. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

20. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) қала әкімдігінің бекітуіне мемлекеттік мекеме туралы Ережені ұсынады, оның құрылымы мен штаты жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді, өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекет етуді қамтамасыз етеді;

3) басшы лауазымдарына тағайындау үшін кандидатуралар бойынша қала әкіміне ұсыныстар енгізеді;

4) бұйрықтар шығарады және барлық қызметкерлер үшін міндетті нұсқаулықтар береді;

5) мемлекеттік органдарда, соттарда және басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеме атынан өкілдік етеді;

6) мемлекеттік органда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында шаралар қабылдайды және жемқорлыққа қарсы шара қолдануға дербес жауап береді;

7) мемлекеттік органның төлемдерді, соның ішінде ақша алушылардың тиісті шоттарына, жүзеге асыруы бойынша тоқсан сайын қазынашылық органдарымен салыстырып тексеруді қамтамасыз етеді;

8) мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын қамтамасыз етеді;

9) қала әкімі тағайындайтын лауазымды тұлғаларға тәртіптік жазалар қолдану немесе алып тастау туралы қала әкіміне ұсыныстар енгізеді;

10) мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

11) қала әкімдігі және әкімінің актілерінің, оның тапсырмаларының орындалуын бақылау бойынша, мемлекеттік мекемеде құжаттарды өткізу жұмыстарын үйлестіреді;

12) қала әкімдігі мен әкімі актілерінің жобаларын, сондай-ақ қала әкімінің атына жіберілген басқа да құжаттар мен материалдарды қала әкімінің қол қоюына және қала әкімінің қарауына енгізеді;

13) мемлекеттік мекеменің шығындар сметасын бекітеді және соның шегінде қаржы ресурстарын басқарады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметін шаруашылық жағынан қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұйымдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасайды;

16) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және ұжымдық шартпен реттеледі.

22. Мемлекеттік мекеме мен Екібастұз қаласы әкімдігі арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

23. Мемлекеттік мекеме мен тиісті саладағы уәкілетті органның арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

4-тарау. "Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің мүлкі

24. Мемлекеттік мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Екібастұз қаласы әкімдігінің азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі"
мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.